

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры мұн.  Малдыбаева

«9» 01. 2023-2024ж



№ 54. Т. Рысқұлов атындағы жалпы орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

№	Атқарылатын жұмыстардың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I Жиналыс	Ата-аналар комитеті отырысы. 1. Ата-аналар комитетінің 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыс есебі. 2. Ата-аналар комитетін қайта сайлау, жаңа оқу жылына жоспар бекіту. 3. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу. 4. «Жаңа оқу жылында балаларды оқыту туралы (инфекцияның таралуына жол бермеу)». 5. «Суицид- тығырықтан шығар жол емес» /Слайд/ Тренинг	Қыркүйек	Ата-аналар комитетінің төрайымы ДТЖО Әлеуметтік педагог Медбике Психолог
II Жиналыс	Ата-аналар комитеті отырысы 1. Жасөспірімдердің ерте жыныстық қатынасқа түсуінің ,балалардың өзіне-өзі қол жұмсауы және ұмтылуының алдын алу. 2. Оқушылардың оқулықпен қамтылуы. 3. Оқушылардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылуы туралы. 4. Бала өмірінің қауіпсіздігі» 5. Жұқпалы аурулардың алдын алу 6. I тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі	Қараша	Ата-аналар комитетінің төрайымы Психолог Кітапханашы Әлеуметтік педагог ДТЖО Мектеп медбикесі Оқу ісінің меңгерушісі
III жиналыс	Ата-аналар комитеті отырысы 1. «Отбасындағы жасөспірімдердің тәрбиесінде кездесетін тәрбие түрлері » тақырыбында дөңгелек үстел басында ата-аналармен әңгіме өткізу. 2. «Отбасым-менің тірегім» ата-аналар арасында сайыс өткізу. (5-7 сыныптар арасында)	Желтоқсан	Психолог ДТЖО

IV жиналыс	Ата-аналар комитеті отырысы 1. «Бала тәрбиесіндегі ата-ана» тренинг 2. Оқушылардың мектеп айналасында және мектептен тыс аймақтарда тәртіп сақтау ережелерін қатаң қадағалау жұмыстарын жүргізу. 3. Әлеуметтік деңгейі төмен оқушыларын білім қорынан көмек көрсету туралы. 4. II тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі	Қаңтар	Ата-аналар комитетінің төрайымы Мектеп психологі ДТДЖО Әлеуметтік педагог Оқу ісі жөніндегі орынбасары
V жиналыс	Ата-аналар комитеті отырысы 1. Оқушылармен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы серіктестігі. 2. 2023-2024 оқу жылындағы Мемлекеттік емтиханға дайындығы туралы. 3. III тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі	Сәуір	Ата-аналар төрағасы Мектеп директоры ДТДЖО Оқу ісі жөніндегі орынбасары
VI жиналыс	Ата-аналар комитеті отырысы 1. Ата-аналар комитеттерінің жылдық жұмыстарын қорытындылау. 2. Оқушылардың жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру. 3. Мектеп бітірушілердің ҰБТ-ға дайындығы 4. IV тоқсан оқу қорытындылары 5. 2023-2024 оқу жылы бойынша оқу сапасының көрсеткіші	Мамыр	Ата-аналар төрайымы ДТДЖО Оқу ісі жөніндегі орынбасары

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: *А.Нұрадинов*

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ

Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт. Сыйластық түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – тұған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн.

Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да:

«Ана – үйдің берекесі,

Бала үйдің – мерекесі.

Бұтағымен ағаш сымбатты,

Ұрпағымен адам қымбатты.

Бала болсаң балғындай бол.

Айналаңа қорғандай бол» -деген

қағиданы берік ұстаған ата-бабаларымыз өз ұрпағын адам – деген атаққа лайық етіп өсіруді мақсат еткен.

Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана баланың алғашқы ұстазы. Адамзат баласы ананың мейірлі мейріне қанып, әке өсиеттерін тыңдап өссе ғана тәрбиелі отбасынан шыққаны көпке таңытыды.

Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам

бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады.

Тәрбиенің негізі «ананың әлдінін» басталады емес пе?

Ана тәрбиесі ұлылық дәнін себеді. Тәрбиелі анадан – тәрбиелі бала өсіп шығады.

Сонғы жылдары отбасында, қоғамда ер адамдардың, әкелердің рөлі төмендегендей. Бұған кейде заманды да кінәләп жатамыз. Әрине, бала тәрбиесіндегі әкенің орны бөлек, әсіресе, е бала тәрбиесінде. Әкенің қатаң талабын, тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да өз отбасында да шешуші тұлға бола алады. Кавказ халықтарында да: «Нағыз жаылы орын: қылышқа – қынабы, отқа – шырағы, ер жігітке – өз үйі» – деген тамаша нақыл сөз бар.

Қазақстан Республикасы Ата Занының 27 бап, 2-тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» -делінсе, «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: «Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелеріне сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді...» деліні, ұрпақ тағдыры айтылады.

Бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларның көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, өіне мейрімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Бірде-бір ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға еркі жоқ. Егерде ол, бала өсіруде қате жіберсе, осалдық байқатса, қартайғанда опық жейтіні, өкінішке ұрынатына ешбір дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат.

Бала тәрбиесі туралы сөз болғанда: «Баланы жастан» – деген халық даналығын ұмытуға ешкімнің хақысы жоқ. Сондықтан, «бала жас, әлі ешнәрсені білмейді, өсе келер бәрі түсінеді: – деп қарау – барып тұрған қателік. Бала тәрбиесі – әр сағат, әр күн сайын тынымсыз жүргізі беретін

аса жауапты, күрделі процесс. Тәрбие отбасынан басталады, оны қоғамдық тәрбиенің қанда саласы болса да алмастыра алмайды.

Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде:

«Обасы –шағын мемелеке,

Мен – президент, сен – премьер», дегені бар.

Отбасы – ең үлкен, мықты тәрбие ошағы, шағын мемлекет. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оны мәдени- әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-

Қатысқандар: 14

Сынып жетекші – Ахметова Г

Ата-аналар – 12

Хатшы –

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

II тоқсан қорытындысы.

Дөңгелек үстел: Бала тәрбиесіндегі ата ана рөлі

Өртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сынып жетекшісі Ахметова Гүлжауһар II тоқсан қорытындысымен ата-аналарды таныстырып өтті. Сыныпта – 14 оқушы бар, олардың -6 қыз бала, 8 - ұл бала. II тоқсанның қорытындысын айтып өтті. II тоқсан бойынша оқушылардың білім деңгейі айтылды. Оқушыларды үнемі бақылап, қадағалап отыру біздің міндетіміз.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша ата –аналармен «Мен және менің балам» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының ерекшелігін білуге, оның жан дүниесін түсінуге, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші әрі мұғалім ретінде қаруға жауапкершілігін арттыру. Дөңгелек үстелге ата-аналар белсене қатысты. Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша әр түрлі мәселелер қозғалды. Ата-аналарға оқушылардың мектеп формасын, тазалығын, сабағын, мектепке келіп-кетуін қадағалау туралы айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Ата-ана :

апайдың өткізген дөңгелек үстелі өте қызықты өтті. Дөңгелек үстел жақсы деңгейде өтті. Қызықты тренингтер ұйымдастырылып, баламызды сипап сөз арқылы танып, сурет салып көңіліміз бір көтеріліп қалды. Осындай дөңгелек үстелдер жиі өткізіліп тұрса деген тілек білдіреміз. Сонымен қатар қызым Әминаның сабағын үйдегі уақытта қадағалап отырамын.

Ата-ана:

Дөңгелек үстел мағанда ұнады. Енді алдағы уақытта баламмен пәлсапа ретінде

емес, досы ретінде қарым-қатынас жасауға тырысамын. Ұлым математикадан есеп шығаруда көп қателіктер жіберетінін білемін

Шешім:

1 II тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.

2 Отбасындағы ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту ата-анаға жүктелсін.

Оқушылардың сабақ үлгерімі, тәртібі, тазалығын қадағалап отыру сынып жетекшісі мен ата-аналарға жүктелсін.

Хатшы: *Б. Ахметова* *С. М. Мамбетов* *У.*

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №4

08.01.2024ж.

Ата-аналар – 16

Қатысқаны- 12

10 "0"

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. II тоқсан қорытындысы. Үлгерімі. Сапасы
2. «Ана мен бала»тренинг
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сынып жетекшісі Р.Сарымбетова II тоқсан қорытындысымен ата-аналарды таныстырып өтті. Сыныпта 16 оқушы бар, олардың 9 қыз бала, 7 ұл бала. II тоқсанның қорытындысын айтып өтті. II тоқсан бойынша оқушылардың білім деңгейі үлгерімі 100%, сапасы 54 екені айтылды.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша ата –аналармен «Ана мен бала»атты тренинг үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының ерекшелігін білуге, оның жан дүниесін түсінуге, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші әрі мұғалім ретінде қарауға жауапкершілігін арттыру. Дөңгелек үстелге ата-аналар белсене қатысты.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша әр түрлі мәселелер қозғалды. Ата-аналарға оқушылардың мектеп формасын, тазалығын, сабағын, мектепке келіп-кетуін қадағалау туралы айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Ата-ана Күнсұлу:

- Рымкеш апайдың өткізген дөңгелек үстелі өте қызықты өтті. Дөңгелек үстел жақсы деңгейде өтті. Қызықты тренингтер ұйымдастырылып, сурет салып көңіліміз бір көтеріліп қалды. Осындай дөңгелек үстелдер жиі өткізіліп тұрса деген тілек білдіреміз. Сонымен қатар балам Серіктің сабағын үйдегі уақытта қадағалап отырамын.

Ата-ана Роза:


- Дөңгелек үстел мағанда ұнады. Енді алдағы уақытта баламмен анасы ретінде емес, досы ретінде қарым-қатынас жасауға тырысамын. Ұлым Олжас математикадан есеп шығаруда көп қателіктер жіберетінін коллегиясының нашар екенін де білемін. Қадағалаймын деп уәде беремін.

Шешім:

1. II тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. Отбасындағы ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту ата-анаға жүктелсін.
3. Оқушылардың сабақ үлгерімі, тәртібі, тазалығын қадағалап отыру сынып жетекшісі мен ата-аналарға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Сарымбетова Рымкеш

Тулаева Салтанат

Сынып жиналысының № 4 хаттамасы

«08» 01 2024ж

Қатысқандар:13

Қатыспағандар:2
10 „А“

КҮН ТӘРТІБІ:

1. II- тоқсан қорытындысы есебі
2. Оқушылардың мектеп формасы, тазалығы
3. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша II-тоқсан қорытындысы сөз болды, II- тоқсан қорытындысы бойынша сыныпта Қыдырбай Нұрайым, Эрмекбай Айгерім атты оқушыларымыз жақсы көрсеткішпен көзге түсті. Қыдырбай Нұрайым аудандық олимпиададан 1-орын, облыстан 3-орын алды. Басқа оқушылардың осы оқушылардан үлгі алуы тиіс екендігі айтылды.

Оқу үлгерімі төмен оқушылар сабаққа зейін қойып көбірек дайындықпен келуі, сабақтан себепсіз қалмауы тиіс.

Екінші мәселе бойынша оқушылардың мектеп формасы туралы айтылды. Оқушылар үнемі мектеп формасымен келуі қажет.

Сыныптағы сынып белсенділері өздері атқарған жұмыстары туралы есеп берді.

1. Тазалық секторы сөз алды.

Керімбек Ақбота оқушылардың жеке басының гигиенасы жайында айтып өтті. Әр дүйсенбі оқушылардың тазалығын тексеріп тұратынын айтып өтті.

Ұқыпты таза оқушыларды атап, тазалығы нашар оқушылар олардан үлгі алуы жайында айтты.

ҚАУЛЫ:


1. Жақсы оқитын оқушылардың саны көбейсін.
2. Оқушылар үнемі мектеп формасында жүрсін.
3. Оқушылар әр апта тазалығын тексеріп тұру тазалық секторына жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:



Абилмажинов Н

Хатшысы:



Аликулова Н

Ата-аналар жиналысы хаттамасы №1

Өткізілген күні: 08.09.2023 ж

Сынып: 2 «Ә»

Қатысқан ата-аналар: 15

Қатыспағаны: 4

Күн тәртібі:

1. Баяндама «Ата-ана да ұстаз»
2. 2 «Ә» сынып оқушыларының бағалануы. БЖБ., ТЖБ
3. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді өткізу.
4. Ата-аналар комитетін сайлау.
5. Ағымды мәселелер.

Танысу: «Менің есімім»

Өзінің есімінің алғашқы әріпінен басталатын сын есім қосып, өз есімін айтып танысу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша сынып жетекші Смайлова сөз алды. Баяндама «Ата-ана да ұстаз».

Отбасы- шағын мемлекет. Адамдардың жақсы өмір сүруі отбасы құрамындағыларға байланысты. Сондықтан отбасының әрбір мүшесі отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерінің бір-біріне адал, қамқор болуға міндетті. Отбасының қамқоры да, қорғаны да-ата-ана.

Бала тәрбиесіндегі алғашқы ұстаз- ата-ана.

Жанұяда жақсы қасиеттер балаға сөзбен, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызу, оның үйренуіне көмектесуге берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындалуын төзімділікпен бақылау. Істеген ісін ұқыпты, тындырымды орындауына бағыт беру. Жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіру.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту. Тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру. Табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту. Дұрыс білім алуына жағдай жасау. Бәрі сіздердің қолдарыңызда. Балаңызға сүйіспеншілікпен қараңыз. Бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе, ол бұл әлемнен махаббат табуды үйренеді.

1. 2 «Ә» сынып оқушыларының бағалану жүйесі таныстырылды. Презентация арқылы 10 баллдық жүйеде бағалау түсіндірілді. ЖБ графигі көрсетілді. ЖБ нәтижесі ЖБ тапсырмаларының балл санына байланысты болады. Токсандық бағалау формативті бағалау (күнделікті қойылатын балл)-50%, БЖБ мен ТЖБ қорытындысы-50% арақатынаста қойылатыны ескертілді.
2. Мектеп психологы оқушылардан психологиялық диагностика, консультация беру, тренингтер жеке-топтық жұмыстар алуға ата-аналардың келісімдерін сұрап, келісім қағазына қол қойғызды. Барлық ата-ана мектеп психологының сыныппен жұмыс жүргізуіне келісім берді.
3. Ата - аналар комитетін сайлау.

Ата - аналар комитеті:

1. Қолдабаев Бақытжан
2. Байтенова Роза
3. Белтаева Айдын


Шешім: Баяндаманы басшылыққа ала отырып, бала тәрбиесін, сабағын үнемі қадағалап, назарда ұстау. Қажет болғанда сынып жетекшісі мен мектеп психологымен бірлесе жұмыс істеу.

Сынып жетекшісі:



Смайлова Г.Б

Хатшы:



Токкулова М.Ж

Ата-аналар жиналысы хаттамасы №2

Өткізілген күні:

Сынып: 2 «Ә»

Қатысқан ата-аналар:

Қатыспағаны:

Күн тәртібі:

1. «Отбасы-тәрбиенің басты ұясы» (топтық жұмыс, пікір алмасу)
2. Нашакорлықтың алдын алу шаралары.
3. Интернет қауіпсіздігі туралы. Баланың ұялы телефонындағы ата-ана бақылауы.
4. Басты мақсат-бала құқығы.
5. «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» Асхана жұмысы.

1. Тындалды:

Баяндама ««Отбасы-тәрбиенің басты ұясы»

Отбасы- баланың Отаны. Отбасының өмірі, салт-дәстүрі баланың мінез-құлқына тікелей әсер етеді. «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі.»

Топтық жұмыс: «Бақытты отбасы» моделін құру. Топ мүшелері постер қорғады.

Бала тәрбиесіне байланысты «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы жүргізілді.

Сауалнамада жиналға ұпайлар санына қарай, ұсыныстар айтылды.

2. Нашакорлық-еліміздегі жасөспірімдер мен жастардың басты проблемасы. Оған буыны қатаймаған жас бала тез бейімделеді. Нашакорлықтың алдын алу шаралары бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді.

3. Интернет қауіпсіздігі туралы. Баланың ұялы телефонындағы ата-ана бақылауы.

Мектепте ұялы телефон сынып жетекшісінде болатыны, сабақ соңында ғана балаларға берілетіндігі ескертілді. Ата-аналардың үйде ұялы телефондарды қатаң қадағалауы тапсырылды. Бірнеше ата-ана балаларының телефондарына бақылау орнатқандықтарын айтты.

4. Бала құқығы, бала алдындағы ата-ана міндеті туралы презентация көрсетілді.

Ата-аналар алдын-ала дайындалған «тілек қорапшасына» балаларына арнап жақсы тілектер жазылған стикерлер салды. Ол тілектер сабақта балаларға оқылады.

5. «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» Асхана жұмысы жайлы ақпарат берілді.

Асхананың тамағы өте дәмді, оқушылардың көңілінен шығады. Ол туралы ата-аналар да оң пікірде. Күнделікті тамақ сапасы қадағаланады.

Жиналыс соңында шаттық шеңберіне тұрып, бір-бірінің арқаларына ата-анаға арналған жақсы лебіздерін жазып, ілді.


Шешім: 1. Жиналыста қаралған мәселелерге жауапкершілікпен қарау, отбасында жақсы істерімен балаға үлгі бола білу.

2. Балалардың араласатын ортасын білу, жаман әдеттер туралы ескертіп отыру.

3. Балалардың телефондарына ата-ана бақылауын күшейту.

2. Мектеп асханасының жұмысын «жақсы» деп бағалау.

Сынып жетекшісі:



Смайлова Г.Б

Хатшы:



Токкулова М.Ж



Ата-аналар жиналысы хаттамасы №3

Өткізілген күні: 05.01.2024 ж

Сынып: 2 «Ә»

Қатысқан ата-аналар: 14

Қатыспағаны: 4

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі»

1. 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдық қорытындысы.
2. Бала жетістігі-ата-ана жетістігі.
3. «Оқуға құштар мектеп» жобасының жүргізілуі.
4. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу.
5. Құқықбұзушылықтың алдын алу:

-құқықбұзушылыққа қатысты жасөспірімдер мен ата-ананың жауапкершілігі.
-терроризмге байланысты жалған ақпарат беру.
-нашақорлықтың алдын алу.

Тыңдалды:

1.2023-2024 оқу жылының I жартыжылдық қорытындысы.

2023-2024 оқу жылының басында - 19 оқушы

I тоқсанда-10оқушы кетіп,сыныпта 18 оқушы қалды.

I тоқсан бойынша оқу сапасы-52%, үлгерім-100%

II тоқсанда-1 оқушы кетті.

I ж.ж. 18 оқушы аяқтады. II тоқсан бойынша оқу сапасы-50%,үлгерім-100%.

Қазір сыныпта 18 оқушы білім алуда.

I және II тоқсанның сапалық көрсеткіштері салыстырмалы түрде диаграмма арқылы таныстырылды.

Ата-аналарға БЖБ,ТЖБ тапсырма үлгілері көрсетілді,қорытындыларымен ата-аналар « арқылы танысып отырғандықтарын айтты.Сұрақтар қойылып, талдау жұмыстары жүргізілді.Орыс тілі,ағылшын тілі пән мұғалімдерімен кездесіп,сұрақтарына жауаптар алды.

2.Бала жетістігі-ата-ана жетістігі.Сыныпта,мектепте өтілген іс-шаралардан көрініс беретін фото,видеолар жинақталған презентация көрсетілді.

«Жас қыран»қатарына қабылдаудан үзінділер көрсетіліп,үздіктер қатары көбейгені ескертілді.Алдағы уақытта да мектепте өтілетін іс-шараға оқушылардың қатысуына ата-аналардың ықпалы керек екені ескертілді.Белсенді ата-аналарға алғыс айтылды.


3.«Оқуға құштар мектеп» жобасының жүргізілуі туралы слайд арқылы таныстырылып, сыныптағы «Оқуға құштар сынып» бұрышы көрсетілді.Оқушылар қолымен жинақталған шағын кітапханадағы кітапшаларды оқушылардың оқитыны айтылды.Алдағы уақытта суреттер салу,оқиган кітабы туралы шағын эссе жазу тапсырылды.

Қысқы демалыс кезінде өткен бірлесе оқу шарасы туралы айтылып,слайд көрсетілді.

4. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу шарасы бойынша бұйрық шығарылғандығы туралы хабар берілді және «буллинг,кибербуллинг» сөздеріне түсініктеме берілді.Сыныптағы ер балалардың тәртібі жайлы айтылып,кешірім, достық туралы үйде қосымша згіме жүргізу ұсынылды.Ұялы телефондарға уақыт шектеу,ойындарын тексеру, «ата-ана қадағалауын» орнату керектігі ескертілді.

5.Құқықбұзушылықтың алдын алу сұрағы бойынша қалада,елімізде болып жатқан түрлі жағдайлардан мысал келтіріліп,ата-ана жауапкершілігі жайлы айтылды.

Жиналыс соңында «Өрмекшінің торы» арқылы ата-аналар жиналысты қорытындылады.



**№54 Т.Рысқұлов атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ата-аналар комитетінің №3 отырысының хаттамасы.**

Қатысқаны: 40

17.01.2024 жыл

Күн тәртібінде:

1.« Оқушының мектептегі қоғамдық жұмысқа қатынасуындағы ата-ананың ролі » тақырыбында әңгіме жүргізу.

(Хабарламашы: К.Рахимова, ата-аналар комитетінің төрайымы)

2.«Осал тәрбие қылмысқа жетелейді»

(Хабарламашы:А.Нурадинов ДТДЖО)

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектепшілік ата-аналар комитетінің төрайымы К.Рахимова сөзге шығып бала тәрбиесіндегі, баланың ортасындағы, баланың өмірге бейімделінуіндегі, басқада ортада өзін емін еркін сезінуіне үйренуіне ең қолайлы жағдай мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласуына мүмкіндік жарату екендігін айтып өтті. Ата-ана тарапынан қоғамдық жұмыстарға, сенбіліктерге, мәдени іс-шараларға балалардың қатынасуын үнемі бақылауға алып қажет болса мүмкіндік жаратуда ұстаздармен бірге ата-аналарда қызығушылық танытуы қажет екендігін айтып өтті.

Ата-аналар комитетінің мүшесі Б.Бектибасова, мектепке ата-аналардың сабаққа қатынасуын ұйымдастырудың арқасында көптеген ата-аналар өз перзенттерінің тәртібіне, оқу үлгеріміне көз жеткізіп кейбірі қуанып жатса, кейбірі баласына ренжуде. Балаға ренжудің орнына сол баланы қатаң бақылауға алу керектігін айтып өтті.

2.Екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Нурадинов сөзге шығып, отбасындағы тәрбиесіз балалардың келешегіне алаңдайтындығын айтып өтті. Қоғамда болып жатқан қылмыстың түрлері осы тәрбиесі дұрыс емес отбасынан шыққан жастардан болары анық. Әр ата-ана өздерінің болашаға баласы екендігін түсініп тәрбие мәселесін қолға алу керектігін айтып өтті.

Қаулы етеді:

1. «Оқушының мектептегі қоғамдық жұмысқа қатынасуындағы ата-ананың ролі» тақырыбындағы баяндамасына сәйкес мектеп, ата-аналар болып біргелікте оқушылар арасындағы қоғамдық жұмыстарға баулу ата-аналар тарапынан жүргізілсін.

2.Ата-аналар тарапынан бала тәрбиесіне ортақ жауапкершілікпен қарап толығымен ата-аналарға насихаттау жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:




У.Малдыбаева

Ата-аналар комитетінің
төрайымы:



К.Рахимова

Хатшы:



Ж.Ахмедова





29.09.2023 жыл

Түркістан облысы, Келес ауданы білім бөліміне қарасты 54.Т.Рысқұлов жалпы орта мектебі 28.09.2023ж "Адалдық сағатына" орай Адал азамат -әділетті Қазақстан!" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты:Оқушыларды адамгершілікке адалдыққа, шыншылдық,мейірбан болуға бірін-бірі сыйлауға тәрбиелеу

#сыбайлас жемқорлық

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02RZtgq7SCzWmSBszLCimYR34gvTMBhHACm9hSI2kXcLiJPABGem7y8bXYDQ2YQXGI&id=100092553095674&mibextid=Nif5oz

«№54.Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 жаңа оқу жылының басталуына байланысты өткізген ата-аналар жиналысының хаттамасы

Өткен мерзімі: 11.08.2023 жыл

Қатысушылар: Мектеп директорының м.у.а: Исахов А.К
Ата-аналар комитетінің төрағасы: Абилязжинов Н
Тәлімгер: Ж.Ахмедова

Ата-аналар- 41

Сынып жетекшілер- 24

Жиделі ауылы

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылының басталуы және құқықтық тәртіп бұзушылықтың алдын алу.
(ДТЖЖО Орынбеков Ұ)
2. Мектеп формасы туралы. (тәлімгер Ж.Ахмедова)
3. Басқада мәселелер

Тыңдалы:

Ата-аналар комитетінің төрағасы Абилязжинов Нұрәулет күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып сөз кезегін берді.

Мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы А.Исахов сөзге шығып, өздерінізбен өткен оқу жылының мамыр айындағы ата-аналар жиналысында бекітілген «Мектептің ішкі тәртіп ережесі» бойынша әрбір оқушы мектепке мектеп формасында келуі керек дей келе «Мектеп формасы» және «Мектептің ішкі тәртіп ережесін бекіту» бойынша бекітілген мектеп ережесін оқып берді.

Әрбір бала 18 жасқа толғанша оқуына, киіміне, тәрбиесіне ата-аналар жауапты екенін айтты. Мектебімізде өткен оқу жылында хиджаб (орамал тағатын) киген оқушылар мектепте жок екенін айта келе олардың ата-аналарына заң талаптарын түсінгеніне рақметін айтты. Түнде сағат 22:00 ден кейін оқушылардың көшеде жүруіне болмайтынын, мешітке ата-аналарыңыз баруға болмайтынын, сабақтан қалдырмауды айтты.

2022-2023 оқу жылында мектеп оқушылары арасында психологиялық зерделеу жұмысы болғандығын, кемшіліктерді жою жөнінде айтылды. Сол үшін әрбір ата-ана, сынып жетекшілер балалармен жеке сөйлесу, әрекеттерін қадағалау керек. Жеке немесе отбасында отырғанда өмірге деген құштарлығын арттырып, жақсы мысалдар келтіріп, жақсы сөздер айтып, мектепте үйірмелерге қатысуына ықпал ету керектігін айтып сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша мектеп тәлімгері Ж. Ахмедова биылға жаңа оқу жылының басталуына байланыста міндетті бірыңғай мектеп формасын сақтау талаптары бекітілмесе де жалпы мектепшілік бірыңғай мектеп формасын сақтауымыз керек екендігін айтып сөз бастады. Ұлдарымыз бен қыздарымыздың киетін киімдеріміздің түсі бірыңғай қою көк түсті костюм шалбар және юбка мен ак түсті көйлек екенін айта кетті. Жеткіншек әлі бала болса да, талап қоюы ересектердікіндей өз мүмкіндігін ажырата алмастан «Бәрін өзім істей аламын, сендер мені әлі бала деп ойлайсыңдар» деп үлкендерге наразылық білдіреді. Сондықтан да бала тәрбиесі өте күрделі мәселе екенін айтты. «Баланы бастан» дейді дана халқымыз. Ендеше бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, ата-ана, мектеп, біз-сіз болып ынтымақпен жұмыс жүргізсек, «Қиын бала» деген болмаған болар еді

**«№54.Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде
кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу
мақсатындағы 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналармен
бірге өткізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні : 27.09.2023ж

Қатысқандар: 25

Жиделі ауылы

Күн тәртібі:

1. Жиналысты ашып, тақырыппен таныстыру (МД м.у.а Ж.Мырзатаев)
2. «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында (Баяндамашы: ДТЖЖО: Орынбеков Ұ)
3. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында (педагог-психолог Д.Құралбаев)
3. Басқада мәселелер бойынша. (МДОЖО Абилмажинов А)

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры м.у.а Ж.Мырзатаев аудан көлемінде, соның ішінде «№54.Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке келмегендердің, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепшілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылып жатқандығын және алдағы уақытта да жыл көлемінде жүргізілетіндігін айтып сөзін бастады. Ж.Мырзатаев жиналыстың Республикасының Конституциясына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Алайда бүгінгі таңда баланың денсаулығы мен өміріне қауіп әлі де жоғары. Соңғы кездері кәмелетке толмағандарға қатысты заңға қайшы әрекеттер факторлары жиіленіп кетті. Жыл сайын жүздеген бала қылмыстың құрбаны болады. Оқу орындарында немесе оның маңайында болатын құқық бұзушылық алаңдатушылық тудырады. Сонымен қатар қазіргі уақытта мектеп жасындағы балалардың көпшілігі бос уақыттарын ғаламторға, ұялы телефондарындағы әртүрлі бағдарламаларға қараумен өткізетіндігін, кейбір кездегі ғаламторға жағымсыз жаңалықтардың, бейнекөріністердің әсерінен баланың көзқарасы, психологиясы өзгеріп, ұрлық-зорлық әрекеті мен құқық бұзушылық фактілері орын алып жатады. Сондықтан әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз көп ақпараттардың тез тарайтынын, балаларының ұялы телефонында тыйым салынған сайттарға кіріп-шығу, қолдану уақыттарына құрметті ата-аналар ерекше назар аударуларыңызды сұранамын деп сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Орынбеков Ұ. «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында ұлдар және қыздар тәрбиесі жайлы сөз бастады. Жиналыс барысында мектептің ДТЖЖО Орынбеков Ұ. кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудандық және мектепшілік түрлі тақырыптарда іс-шаралар өтіп жатқандығын және алдағы уақыттарда жүргізілетіндігін айтып өтті. Онда Бала құқығын бекітетін маңызды заңдарға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалық отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» және тағы басқа да заңдар жатады. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытында сынып жетекшімен тығыз байланыста болу, ата-анасыз (заңды өкілсіз) шықпауын, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі 442-1, 442-2 (заңды өкілсіз) баптарында көрсетілген талаптарды орындап, түнгі сағат 22.00-ден таңғы 6.00-ге дейін ойын-сауық орындарына бармауын, үйден тыс жерде жалғыз жүрмеуін қадағалауды, жалпы балаларды күнделікті қадағалау керек. Ата-ана әрқашан мектеппен тығыз байланыста болып балалардың қауіпсіздігін ата-аналар тарапынан қамтамасыз ету қажеттігін айтып өтті.

«Бекітемін»
МД м.з. «...» ... 2023 жыл
М. Мырзатаев

«№54 Т. Рысқалиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің ер балаларымен жүргізілетін «Ұлдар кеңесінің» жұмыстар
жоспары

2023-2024 оқу жылы

р/с	Жұмыстар мазмұны	Мерзімі	Жүргізілетін жұмыстар түрі	Жауапты адамдар
1.	Ер балалар жиналысын өткізу	Әр тоқсан сайын	Жиналыс, семинар, тренинг	Кеңес жетекшісі Аға тәлімгер Сынып жетекші. Д.Ш пән мұғалімдері Ұлдар кеңесі
2.	Әкеге қарап ұл өсер	қазан	Тәрбие сағаты	Кеңес жетекшісі Аға тәлімгер Сынып жетекші. Д.Ш пән мұғалімі
3.	Ұлдар гигиенасы туралы дәрігер кеңесі	қараша	кездесу	Кеңес жетекшісі Аға тәлімгер Сынып жетекші. Мектеп медбикесі
4.	Темекіден аулақ бол.	желтоқсан	Пікірталас кеші	Кеңес жетекшісі Аға тәлімгер Сынып жетекші. Д.Ш пән мұғалімі Ұлдар кеңесі
5.	Ата-анаңмен сырласасың ба?	қаңтар	Сауалнама жүргізу	Кеңес жетекшісі Психолог Аға тәлімгер Сынып жетекші. Д.Ш пән мұғалімі
6.	Ер азамат атына лайық бол!	ақпан	Тәрбие сағаты	Кеңес жетекшісі Аға тәлімгер Сынып жетекші. Д.Ш пән мұғалімі Ұлдар кеңесі
7.	Аяулы аналарға құрмет!	наурыз	Аналармен кездесу	Кеңес жетекшісі Аға тәлімгер Сынып жетекші. Д.Ш пән мұғалімі Ұлдар кеңесі
8.	Жат ағымдардан аулақ болайық!	сәуір	Сынып сағаты	Кеңес жетекшісі Аға тәлімгер Сынып жетекші. Д.Ш пән мұғалімі Ұлдар кеңесі
9.	Мамандықтың бәрі жақсы!	мамыр	кеш	Кеңес жетекшісі Аға тәлімгер Сынып жетекші. Д.Ш пән мұғалімі Ұлдар кеңесі

Түзген,
ДТЖОЖО :  Ұ.Орынбеков
Жетекші мұғалім:

Мектепшілік ұлдар жиналысы хаттамасы №1

Хаттама №1
19.01.2024 ж.

Түркістан обл Келес ауданы Жиделі ауылы
«№54 Т. Рысқұлов атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ-де ұлдар
жиналысы болып өтті.

Қатысқандар: 66

ДТЖО уақытша атқарушы А. Нурадинов, мектеп педагог ұйымдастырушысы Е. Төребеков, ұлдар жетекшісі Қ. Исахов, кәсіби үйлестіруші А. Иманов және 8-11 сынып ұлдары барлығы 58 оқушы.

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу т.б
А. Нурадинов

2. Үлгілі үйдің ұлдары баяндама

3. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі

Қ.Исахов

4. Тағы басқа мәселелер

Е. Төребеков

А. Иманов және
пән мұғалімдері

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ДТЖО мінд. у. атқ А Нурадинов: Осы аптаның басынан бастап өзінің осы салаға уақытша ауысқанын айтып, балаларға құқық бұзушылық және оған қолданылатын шаралар жайында айта келе жасөспірімдер арасында әлімжеттік, бопсалаудың болмау керетігі, түнгі уақытта жүрмеу, жол ережелерін сақтау керегі, ұялы телефонды дұрыстап пайдалану, темекі алькаголді өнімдерді тұтынудың зиянды жақтары, сабақтан кешігіп келмей келуі, форма және мектептің ішкі жарғысын толық орындауға шақырды

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ұлдар жетекшісі Қ. Исахов үлгілі үйдің ұлары жайлы баяндама жасады.

Үшінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша Мектептің педагог ұйымдастырушысы Е. Төребеков оқушылардың өмір қауіпсіздігі жайлы мағұлмат беріп өтті.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша мектептің кәсіби үйлестірушісі А. Иманов әлеуметтік желіде белең алған кибербуллинг жайында айтып өтті. Оқушыларға күйзеліс пен өмір қиыншылығы жағдайында көмек сұрауға шақырды. Пән мұғалімдері де өз ойларын ортаға салып, барлығын бірге келісіп жасауға шақырды. Жарыссөзге мектептің 11а сынып оқушысы А. Диас шығып өздерінің ҰБТ – ға дайындалып жүргенін жеткізді. Т.б

Шешім:

1. Құқық бұзушылықты алдын алу жөніндегі барлық ескертулер мен хабарламалар ескерілсін
2. 1-2. Жасөспірімдерге түнгі уақытта жүруге болмайтындығы қатаң ескертелсін.
3. Үлгілі үйдің ұлдарының тәрбие бағыттары мақұлданыс
2-2. ұлдар арасында осы бағыттағы іс-шараларға 100% пайыз қатаң қатысу міндеттелсін.
3. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен кибербуллинг жайлы хабарлама ескерілсін.

Ұлдар кеңесі жетекшісі:
Жиналыс хатшысы:

19.01.2024ж

Исахов Қ.Ш.
Төребеков Е

№54Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта мектебі КММ

Ұлдар жиналысының

хаттамасы №

19.01.2024ж

Қатыскандар: 8-11 сыныптар

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Ұлдардың тәртібі мен сабаққа қатысуы туралы.
2. «Үлгілі үйдің ұландары» атты баяндама

Тыңдалды:

1.Бірінші мәселе бойынша мектебіміздің ТІЖО-сөз сөйлеп, жиналысты ашып алды..Ұлдардың жалпы тәртібі мен шолу жасап өтті. Өз сөзінде ұл-балаға берілетін тәрбиенің маңызы мен қажеттілігін атап өтті.Қазіргі қоғамда болып жатқан проблемалармен, онымен қалай күресу керек екендігі жайында да сөз қозғады.

2.Мектебіміздің ұйымдастырушы педагогы Е.Торебеков «Үлгілі үйдің ұлдары»атты баяндама оқыды.

Жалпы ұлдардың қандай болу керектігі жайында да тоқталып өтті.Ұлдарға мектептің ішкі және де сыртқы тәртіптеріне бағыну керектігі жайында түсіндірілді.

3.Дене шынықтыру пәні мұғалімі Н.Қыдырбаев өз кезегінде ұлдарға бірнеше кеңестерін ұсынды.Атап айтсақ ,ұлдардың спортпен көбірек шұғылдану керек екендігін айтып өтті. Спорт денсаулық кепілі , шынықсан шымыр боласың дей келе,ұлдарды жағымсыз әдеттерге емес,спортқа деген қызығушылықтарын арттыруға арналған кеңестерімен бөлісті.

4.ТІЖО- А.Нұрадинов сыныптарды таза ұстап ,жеке бас гигиенасына аса көңіл бөлу керектігін де атап өтті.Ұлдарға кешкі уақытта қыдырмау,өзін дұрыс ұстау,ерсі қылықтар жасамау керектігін ,интернет желісінде керек емес сайттарға кірмеулерін ,сонымен қатар тәртәпке бағынуын түсіндіріп өтті.

Қаулысы:

1. Ұлдардың тәртібі ата-аналардың және пән мұғалімдердің тарапынан қадағаланып, үнемі назарда болсын.
2. Оқушылардың тәртібіне аса зор көңіл бөлініп, сабақтан қалмауы қадағалансын.
3. Жалпы тәртіпке бағынсын;

Жиналыс төрағасы: *Н.Нұрадинов* - А.Нұрадинов

Хатшы: *Е.Торебеков* - Е.Торебеков

№54Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта мектебі КММ

Ұлдар жиыналысының

хаттамасы №

19.01.2024ж

Қатысқандар: 8-11 сыныптар

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Ұлдардың тәртібі мен сабаққа қатысуы туралы.
2. «Үлгілі үйдің ұландары» атты баяндама

Тыңдалды:

1.Бірінші мәселе бойынша мектебіміздің ТІЖО-сөз сөйлеп, жиналысты ашып алды. Ұлдардың жалпы тәртібі мен шолу жасап өтті. Өз сөзінде ұл-балаға берілетін тәрбиенің маңызы мен қажеттілігін атап өтті.Қазіргі қоғамда болып жатқан проблемалармен, онымен қалай күресу керек екендігі жайында да сөз қозғады.

2.Мектебіміздің ұйымдастырушы педагогы Е.Торебеков «Үлгілі үйдің ұлдары»атты баяндама оқыды.

Жалпы ұлдардың қандай болу керектігі жайында да тоқталып өтті.Ұлдарға мектептің ішкі және де сыртқы тәртіптеріне бағыну керектігі жайында түсіндірілді.

3.Дене шынықтыру пәні мұғалімі Н.Қыдырбаев өз кезегінде ұлдарға бірнеше кеңестерін ұсынды.Атап айтсақ ,ұлдардың спортпен көбірек шұғылдану керек екендігін айтып өтті. Спорт денсаулық кепілі , шынықсаң шымыр боласың дей келе,ұлдарды жағымсыз әдеттерге емес,спортқа деген қызығушылықтарын арттыруға арналған кеңестерімен бөлісті.

4.ТІЖО- А.Нурадинов сыныптарды таза ұстап ,жеке бас гигиенасына аса көңіл бөлу керектігін де атап өтті.Ұлдарға кешкі уақытта қыдырмау,өзін дұрыс ұстау,ерсі қылықтар жасамау керектігін ,интернет желісінде керек емес сайттарға кірмеулерін ,сонымен қатар тәртіпке бағынуын түсіндіріп өтті.

Қаулысы:

1. Ұлдардың тәртібі ата-аналардың және пән мұғалімдердің тарапынан қадағаланып, үнемі назарда болсын.
2. Оқушылардың тәртібіне аса зор көңіл бөлініп, сабақтан қалмауы қадағалансын.
3. Жалпы тәртіпке бағынсын;

Жиналыс төрағасы: *Н.Н.Н.* - А.Нурадинов

Хатшы: *Е.Т.* - Е.Торебеков

